

**1920-1930 ЖЫЛДАРЫ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУ ІСІ**

Рамазанова Айгүл Тілешқызы aigul.ramazanova81@mail.ru «Тарихшы-педагог»  
білім бағдарламасының 1-курс магистранты Х.Досмұхамедов атындағы Атырау  
университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі, т.ғ.д, профессор  
Бердіғожин Лесқали Базарғалиұлы

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2024 жылғы Қазақстан халқына арналған жолдауында «Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам. Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз» деп көрсетіп, осы жолдау негізінде 2024 жылы 27 желтоқсанда «Жұмысшы мамандықтар жылын жариялау туралы» Жарлыққа қол қойған болатын. Қоғамда еңбек адамының мәртебесін көтеру, еңбек дәстүрлеріне деген адалдықты қалыптастыру өзекті екені сөзсіз. Бұл бағытта мұнайлы өлкеде қалыптасқан тағылымды бастаулардың бар екені тарих парақтарында жазулы. Жастарды еңбекке дайындауда, оларды материалдық өндіріске баулуда кәсіптік-техникалық оқу орындары ерекше орын алады. Бұл тарихи кезеңде республикадағы кәсіби-техникалық маман кадрларды даярлау жүйесі жекелеген зауыт-фабрикалар жанынан ашылған мектептерден бастап, білікті инженерлік-техникалық мамандар даярлайтын институттардың қалыптасуына дейінгі жолдан өтті. 1920-1940 жылдар аралығында республикада мыңдаған кәсіптік-техникалық оқу орындары қалыптасқан болатын. Оның тарихы әлеуметтік-экономикалық өмір өзгерістерімен тікелей байланысты болды. Еліміздің өндірістік 36 бейнесі зауыттар мен фабрикалардан, электростанциялар мен комбинаттардан, совхоздар мен колхоздардан тұрғаны белгілі. Олардың қалыптасып дамуына кәсіптік-техникалық мектептердің қосқан үлесінде шек жоқ. Олай болса, бұл оқу орындары үлкен тарихи жолдан өтті, ел игілігіне қызмет еткен сан мыңдаған маман-жұмысшыларды дайындап, тәрбиеледі. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін кәсіби-техникалық оқу орындарының саны кемігенімен, нарық экономикасының талаптарына сай мамандар дайындаудың жүгі ауырламаса, жеңілдеген жоқ. Нарық талабына сәйкес оқу орындары өз жұмыстарын сапалық деңгейде қайта құрды, оларды бітірген мамандарға қажеттілік арта түсуде. Мамандарды дайындайтын инженерлер мен мұғалімдердің басым көпшілігі жаңа талаптарға бейімделді. Ұзақ жылдарда жасалынған материалдық-техникалық база жаңа жағдайда жұмыс істеудің негізі болды. Дегенмен, кәсіби техникалық мамандарды даярлау ісі мемлекет алдындағы аса өткір мәселелердің бірі болып қала бермек. Өйткені, ХХІ ғасыр ақпарат ғасыры, озық технологиялар ғасыры. Ғасыр көшінің соңында қалып қоймас үшін біздің елімізге, ең алдымен кәсіби техникалық мамандар даярлау ісін жаңа сапалық деңгейге көтеру қажет. Ғылыми-техникалық прогрестің, технологиядағы өзгерістердің сұранысы және перспективаларын жетік білетін, еңбекті ұйымдастыру мен өнім сапасын әлемдік үлгіде жолға қоюға қабілетті, ой-өрісі кең, парасатты мамандар қажет екендігінің маңызы күн өткен сайын арта түсуде. Қазақстанда білікті мамандарды дайындау процесі ұзақ тарихи жолдан өтті. 1920 жылдардың бас кезінде алғашқы қадам, Қазақ Автономиялық Республикасы үкіметі кәсіптік техникалық білім берудің бас комитетін құрды. Нәтижелі жұмыстар арқасында кәсіптік оқу орындарының саны 30-ға жетіп, оларда 2000 жас оқыды. 1919 жылы наурызда өткен РКП(Б) VIII съезі шешіміне сай жұмыс күшін ұтымды пайдалану, 17 жастан жоғары жасөспірімдерді

кәсіптік-техникалық білім алу ісіне көптен тарту үшін ФЗУ-лар (фабрично-заводское ученичество) ашу міндеті қойылды. Бұл шешім мұнайлы аудан үшін өте қажет еді. 1920 жылғы 1 маусымдағы Жайық-Каспий мұнай қоғамының Гурьев кеңсесі мәліметі бойынша мұнай кәсіпшіліктерінде 575 қазақ жұмысшы, қызметші және көмекші мамандар болған. Ал, олардың 7-8 пайызы кілтші, майшы, бұрғышы көмекшісі болса, қалған 90 92 пайызы қара жұмыстар ғана атқарды. Оларды техника тіліне үйретуде ФЗУ-лар ашу өте маңызды еді. 1921 жылы өткен РКП(Б) X съезінде «жергілікті халық өкілдерінен маман жұмысшы кадрларын дайындау мақсатында ұлттық тілде кәсіптік техникалық бағыттағы курстар мен орта мектептер ашу» кезек күттірмес шара ретінде көрсетілді. Осы жылы өткен РКП(Б) облыстық бірінші конференциясы жұмысшы табын қалыптастырудың негізі техникалық сауатсыздықты жою деп белгіледі. Жайық-Ембі мұнайлы ауданында кәсіптік-техникалық бағыттағы оқу орны, ФЗУ 1924 жылы 13 қаңтарда Гурьевте «Ембімұнай» тресті базасында ұйымдасты. ФЗУ директоры болып трест заңгері Карл Карлович Тушовский тағайындалды. Ильич атын иеленген ФЗУ-ға трестен М.Г.Юдин, Е.Д.Котельников, В.П.Яковлев сияқты мықты мамандар жіберілді. 1925 жылы 3 қыркүйекте «Ембімұнай» трестінде кәсіптік техникалық білім мәселесіне арналған арнайы техникалық кеңес өтті. Кеңеске трест басқарушысы орынбасары С.И.Кузнецов, кәсіпшіліктерді басқарушы Р.Р.Новосильцев, бөлім басшылары Н.Н.Карский, И.Д. Жилин, инженерлер Л.П.Савельев, Гросвальд, статист Н.И.Розов қатысып Гурьевтегі ФЗУ-дың мәселесі сөз болды. Р.Р.Новосильцев ФЗУ оқушылары білімі өте төмен екені, бірінші оқу жылы қиын болғанын қазір түзеліп келе жатқанын мәлімдесе, С.И.Кузнецов мамандар бізге ауадай қажет, біз оларды өзіміз дайындамақ, басқа жақтан мамандар келмейді. ФЗУ-лар жастарды кәсіптік техникалық білім алу үшін, ал кәсіптік-техникалық курстар ересек жұмысшыларды қайта даярлау үшін керек деп атап көрсетті. ФЗУ-дың материалдық-техникалық базасын ұстап тұру 37 үшін қаржы мәселесіне байланысты ФЗУ басшылығы мен мұнай кәсіпшіліктерін басқарушы атынан Мәскеуге, «Ембімұнай» тресті кеңсесіне 1926 жылы 22 маусымда арнайы хат жолданды. Хатқа берілген қосымшада ФЗУ-да 5-оқу тобы барлығы, оқу пәндеріне қосымша техникалық бағытта сызу, механика, мұнай және металл техникасының пәндері жүргізілетіні айтылған. ФЗУ-да бір ауысымда 110 оқушы, ал екі ауысымда 220 бала оқыту мүмкіндігі бар деп көрсетілген. 1925 жылы қыркүйекте ФЗУ Доссор кәсіпшілігінде ашылды. Алғашқы кезде екі топқа 43-оқушы алынды. Сабақ таңғы 7-ден күндізгі 11-ге дейін 4-сағатқа созылды. 1925 жылы 25 қарашада Доссорда Томский атындағы ФЗУ мектеп кеңесінің бірінші мәжілісі өтті. Оған «Ембімұнай» трестінен А.М.Фадеев, К.И.Сергеев, аудандық комитеттен А.В.Бародин, оқушылар Садков, Буянов қатысты. Мәжілісте ФЗУ-дің материалдық техникалық базасы мәселесі қаралды. Оқушылардың кәсіпке баулу мәселесінде шеберханаларды кеңейту, оларды тікелей өндіріс басында ұйымдастыру мәселесі көтерілді. Ембімұнай тресті ФЗУ-ға төмендегідей мамандарды жіберген. Бескин-мұнай ісі мұғалімі, Айвазов-қоғамдық пәндер мұғалімі, Яковлев-зоология мен ботаника пәні мұғалімі, Котельников орыс тілінен, Смирнов механика және технологиядан, Шитов-химия пәнінен. ФЗУ-да оқу мерзімі 3 жыл болып белгіленді. Оқу корпусы үш бөлмеден, 2 бөлме оқу класы, 1-бөлмеде 6-оқушылық жатақхана болды. Оқу күнінің ұзақтығы 8 сағат болып белгіленді. Сағат 700 1040 дейін академиялық сабақ уақыты, 1200 ден 1600 ға дейін өндірістік тәжірибе уақыты. ФЗУ-директоры Ананьев жазбаларында оқушылар Досмұхамбетов, Исенов есімдері шеберханада жақсы еңбек еткен деп көрсетілген. 1926 жылы 11 қарашада ФЗУ жанындағы курсты 16 оқушы құрылыс, пеш маманы бойынша бітірген. 1927 жылы 16 маусымда ФЗУ-дың негізгі курсы 14 оқушы техника мамандығын, 5 оқушы құрылыс мамандығын бітірді. 1927 жылы мұнайлы ауданда тұрақты жұмысшылардың орташа саны 1640-қа жетті. Олар Доссор, Мақатта мұнай өндірумен қатар

Бекбике, Сағыз, Ескене, Байшонас т.б. кәсіпшіліктерінде бұрғылау жұмыстарында болатын. Барлық жұмысшылар ішінде мамандығы барлар 488, яғни 25,7 процент болды. Ал оның ішінде қазақтардың үлес салмағы мүлдем аз еді. Міне, сондықтан да мамандығы бар жұмысшылар ішінде қазақтарды көбейту мақсатында Доссор ФЗО-сында 1927 жылдан бастап жоспарлы жұмыстар басталды. Жастардан маман дайындау бронь арқылы жүргізіліп, онда басты назар қазақтарға аударылуы тиіс делінді. Осы жылы ФЗО шәкірттерінің ішінде 17 қазақ баласы болса, ал өндірісте барлығы 33 қазақ жасөспірімдері еңбек еткен. ФЗО-лар 1927 оқу жылында 570 оқушы, оның ішінде 236 қазақ қабылдаған. Оқу жылы 3 жыл болғандықтан, алғашқы мамандық алған шәкірттер тек өндіріске 1927 жылы жолдама алған. Жеті жыл ішінде (1924-1931) 81 жасөспірім, оның ішінде 21 қазақ баласы бұрғышы, слесарь, токарь, ағаш шебері т.б. мұнай кәсіпшілігіне қажетті мамандықтарды меңгерген. Әрине, осынша жылдың ішінде не бәрі 81 жұмысшы дайындау мүлдем жеткіліксіз еді. Әсіресе, ФЗО-да оқу қазақ жастары үшін қиынға соқты. Себебі, бүкіл оқу жоспары орыс тілінде болатын. Мұнай кәсіпшілігінде маман дайындаудың кеңірек дамыған жолы жеке-жеке оқыту, я болмаса тәжірибелі жұмысшыға бекіту, сол арқылы маман жұмысшының мамандығын игеру еді. 1928 жылдың 1 шілдесінен 1929 жылдың 1 қаңтарына дейін осындай оқумен өндіріс пен кеңседе – 67 адам, оның ішінде – 17 қазақ оқыған. Мамандық бойынша олар былайша бөлінеді: слесарь токарь – 37, қазағы – 7; құрылысшы – 9, қазағы – 5; электротехника мамандығына – 12, қазағы – 3; кеңсе қызметі – 9, қазағы – 2. Бұлайша оқыту Доссор, Мақат сияқты ірі өндіріс орындарында ғана дамыды. 1928-29 жылдар аралығындағы 6 ай ішінде Доссор, Мақат кәсіпшіліктеріндегі 63 жас жеткіншек сынаққа түсіп, оның 61-і жоғары разрядқа ұсынылған. 1928-29 жылы Жайық-Ембі ауданында 3 кешкі кәсіптік-техникалық курстар болған еді. Оларда барлығы 163 адам оқыса, оның 78-і жастар, 8-і жасөспірімдер болатын. 1929 жылы 17-19 наурызда Жайық-Ембі ауданының жұмысшы жастарының III конференциясы өтті. Конференция өндірістегі 22 жасқа дейінгі жастардың бір жыл ішінде 253 38 тен 380-ге өскендігін атап өтіп, әлі де қазақ жастарының өндіріске тартылмай отырғандығын атап өтті. Оған дәлел тіркелген 380 жас жұмысшысының ішінде 126 қазақтың болуы. ФЗУ, техникалық курстар есебінен 1925-1927 жылдары маман кадр құрамы бірталай өзгерді. 1930 жылдары ұлттық мамандарды дайындаудағы оң өзгерістер Кеңес үкіметінің «іс тетігін кадрлар шешеді» деген партиялық ұранына байланысты басталды. 1930 жылы алғашқы мұнай техникумы, қазақ жастары үшін инженер кадрларын даярлайтын қазақтың кен-металлургия институты ашылды. Мұнайшы қазақ инженерлерін дайындауда алғашқы талпыныс – мұнайшы жұмысшы факультеті дүниеге келді. Талантты қазақ жастары Мәскеу, Ленинград, Баку мұнай институттарына, өнеркәсіп академияларына жіберілді. Дегенмен маман дайындаудағы алғашқы оңды қадамдар 1920 жылдары жасалғаны тарихи шындық. Мемлекет Басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2025 жылды арнайы жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаудың өзінің тарихи мәні бар. Себебі, бүгінгі күннің міндеттерін әрқашан жаңа тәсілмен шешу жеткіліксіз. Бұл бағытта отандық жұмысшы мамандар дайындаудың мол тәжірибесі мен тағылымдық сабақтарын пайдалану өте өзекті болары анық.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:** 1.Токаев К.К. Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм. атты Қазақстан халқына Жолдауы.\\ Егемен Қазақстан.02 қыркүйек 2024 2. Байбаков Н.К. Дело жизни. Записки нефтяника. – Москва, 1984.-345 с. 3.Бахгазин Р.Н., Верещагин А.С., Фурман А.Б. Битва за нефть, Россия в мировой борьбе за «черные золото». – УФА, 2003. – 136 с. 4.Бердыгужин Л.Б.Нефтяная промышленность Казахстана: кадровый потенциал. Алматы,2012.-368 с. 5.Ергин Д. Добыча. Всемирная история борьба за нефть и власть. – Москва, 1999. – 350 с. 6.Куандыков

Б.М. Геологии Прикаспия – Родине. – Москва, 1991. – 92 с. 7.Муктар А.К.История казахской нефти.-Атырау.2004.-188 с.